



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҚАЛАЙ ЦИФРЛАНУДА?

5-БЕТ | РУХАНИЯТ



ҚҰНАНБАЙҒА КЕСЕНЕ САЛЫНСА...

6-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Жалпы, тұрғындардың төтенше жағдайға дайындығын қағаз бетінде емес, іс жүзінде жақсарту қажет. Негізгі міндет – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл, ең алдымен, ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Төтенше жағдайлар кезінде барлық салалық құрылым жедел әрекет етіп, үйлесімді жұмыс істеуі керек. Дүрбелең мен хаосқа жол бермей, жағдайды тұрақтандырып, апаттың ауыр салдарын мүмкіндігінше жеңілдету үшін дұрыс және уақытылы әрекет ету маңызды. Төтенше жағдайларға сақадай сай болу – Үкімет бастаған мемлекеттік органдардың ортақ міндеті.

№11
(4599)
Сенбі
27 қаңтар
2024 жыл



АСТАНА



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Сұлтан СЕЙІТ

4

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ЖАЙЛЫ ӘРІ ЖЕДЕЛ МЕ?

Елорданы жайлы қалаға айналдырудың бір бағыты – қоғамдық көліктің қызметін жақсарту. Осы ретте Астана қаласының әкімдігі автобустарды жаңартуға ерекше маңыз беріп отыр. Мәселен, өткен жылы 400 жаңа автобус сатып алынса, биыл тағы 200 автобус алу көзделген. Қоғамдық көліктің сапасын арттыру мәселесі Астана қаласы мәслихатында жан-жақты талқыланды.



ЖЕЛ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ САЛЫНАДЫ

Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктері тараптары жасаған жалпы қуаты 1 ГВт болатын жел электр станциясын салу туралы келісім жобасы Мәжілістің қарауына өтті. Одан кейін Мемлекет басшысының қол қоюына ұсынылады.

Жобаны жүзеге асыруға шамамен 1,5 миллиард доллар инвестиция тартылады. Жамбыл облысында салынатын жел станциясы қосымша 3500 млрд кВт/сағ жасыл энергия өндіреді. Осы жоба шеңберінде 200-ге дейін тұрақты жұмыс орны және 1600-ге дейін уақытша жұмыс орны құрылады.

БҮГІН ЕЛІМІЗДІҢ ОНКОЛОГИЯ ҰЙЫМДАРЫНДА ӘЙЕЛДЕР ҮШІН БІРЫҢҒАЙ АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТЕДІ

Келушілер әйелдер жатыр мойны патологиясы бойынша онкогинекологтардан тегін консультация алып, қарала алады. Астана қаласында ашық есік күні сағат 09:00-13:00 аралығында Манас көшесі, 17 мекенжайдағы көпбейінді медицина орталығында өтеді. Анықтама телефоны: 95-40-33, 95-40-34.



ҚОСЫМША ПОЙЫЗ ЖҮРЕДІ

Осы демалыс күндері қолайсыз ауа райы болатыны болжануына байланысты «Жолаушылар тасымалы» АҚ Бурабай курорты бағыты бойынша азаматтарды тасымалдау үшін қосымша электр пойызын енгізу туралы шешім қабылдады.

Бурабай курорты станциясына дейін №7553/7556 «Қарағанды-Астана» электр пойызының қозғалысы ұзарады (атауы №6811/6812 «Астана-Бурабай курорты»).

Биыл 26 және 28 қаңтарда пойыз Астанадан сағат 10:10-да шығып, Бурабайға сағат 13:20-да келеді. Осы күндері кері бағытта пойыз Бурабайдан сағат 14:48-де кетіп, Астанаға сағат 17:54-те келеді. Электр пойызда

жолаушыларға 274 орын ұсынылады.

Қосымша электр пойыздарға билет сату 25 қаңтар күні сағат 21:00-де басталды. «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушылар ағыны ұлғайған жағдайда Астана, Қарағанды және Павлодардан 44 қосымша вагон қосады.

Билеттерді bilet.railways.kz сайтынан және билет кассаларынан сатып алуға болады.

